



Қ.Д. Асанов
Д.Ж. Кайруллова

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Балалардың санасын қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі

Аңдатпа. Мақалада балалар журналистикасына анықтама берілген, оның типтік белгілері, сондай-ақ оның қоғамдағы рөлі қарастырылған. Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдердің мысалында балалардың жеке және топтық санасын қалыптастыру факторы ретінде қазіргі балалар журналистикасы одан әрі дамуының проблемалары мен перспективаларына талдау жасалады. Балаларды отансүйгіштік пен патриотизмге тәрбиелеу үшін алдымен ата-аналары, мектеп назар аударғаны жөн екендігін, бұл бағытта БАҚ-тың да рөлі ерекше екендігін нақты мысалдармен көрсете отырып, оған ғылыми тұжырымдар жасалған.

Түйін сөздер: балалар журналистикасы, БАҚ, балалар теледидары, ақпарат, ақпараттық қоғам, медиа кеңістік, әлеуметтену, рухани құндылықтар, гуманистік теледидар моделі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2022-141-4-93-98>

Кіріспе

Журналист – әмбебап мамандық. Бұқаралық ақпарат құралдарының ең басты қызметі – қоғамдық пікірді қалыптастыру болса, балалардың өмірге деген көзқарасының қалыптасуына да масс-медианың ықпалы зор екені айқын. Журналист ең алдымен қоғамға қызмет етуші тұлға. Сондықтан оның еңбегінің әрбір жемісі адам бойына адамгершілік, имандылық, ізгілік, еңбекқорлықты сіңіре отырып, ой-өрісін кеңейтіп, эстетикалық танымын дамытуға қызмет етуі керек. Бүгінгі таңда жастар өмірін бұқаралық ақпарат құралдарынсыз (телефон, теледидар, ға-

ламторсыз) елестету мүмкін емес. Сондықтан балалар мен жасөспірімдерге ұсынылатын материал мағынасыз жасалмауы тиіс. Балалар мен жасөспірімдерге арналған бағдарламалар жоғары білімділік пен біліктілікті, қоғамдық-саяси белсенділігін таныта отырып, жастардың үлкен өмірге жолдама алуына көмектесуі тиіс. Яғни, бұқаралық ақпарат құралдарына – газет, журнал, телевидениеге, әлеуметтік желілілерге қоғамның ертеңіне кепіл болатын жас ұрпақты тәрбиелеуде жүктемелер жауапкершілік мол.

Бұл мәселе қазіргі кезде тек біздің елді ғана емес, әлемді толғандырып отырғаны ақиқат. Жаһандастыру үрдісінде жарқын болашақ

үшін әлем лаңкестік, нашақорлық, түрлі ауруларға қарсы бірігіп күресуде. Осының барлығы дерлік адам, әсіресе жас ұрпақ психологиясына ерекше әсер етеді. Сондықтан осы мақалада негізгі қарастырып отырған мәселе де осыған үндес.

«Балалық шақ күн сайын айналада болып жатқан оқиғаны, құбылысты сол қалпында немесе жаңаша қабылдау. Туған жерді, Отанды тану осы қабылдаудан өріс алады. Сондықтан да сәби жүрегіне адам жанының сұлулығы мен дүниеде ешбір асыл затқа теңдесі жоқ Ұлы Отан ұғымын қалыптастыру осы кезден басталады» деп жазады ұлы педагог В.А. Сухомлинский [1,40 б]. Осы пікірге сүйенсек, балалар журналистикасында қантөгіс, күш көрсету, қорқыту, ұрып-соғу, ұрлау, сабау сияқты көріністерді көрсетуге немқұрайлылық танытпауымыз керек.

Балаларды отансүйгіштік пен патриотизмге тәрбиелеу үшін алдымен ата-аналары, мектеп назар аударғаны жөн. Десек те, осы тұста бұқаралық ақпарат құралдарының да рөлі зор.

Зерттеу әдістері

Балалардың жеке және топтық санасын қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі.

Бүгінгі таңда адамдар көп уақытын мансап қууға, материалдық жағдайының жақсаруына жұмсайды. Ал, отбасы құндылықтары мен бала тәрбиесі өкінішке қарай екінші орынға түсіп қалған. Қазіргі ата-аналар балаларына өте аз уақыт бөледі. Осыдан балалар тәрбиесі мен оның тұлға болып қалыптасуына оның ата-анасы емес, теледидар мен интернет көбірек әсер етеді деп айтсақ, өтірік болмас. Психология саласы мамандарының айтуынша, осылай жалғаса берсе, біз агрессивті және психикалық ауытқуларға шалдыққан қоғамға айналамыз. Бала санасының бұл деформациясына бұқаралық ақпарат құралдары да үлкен рөл атқарады. Көп жағдайда баланың нәзік, әлі қалыптаспаған психикасы ақпараттық шабуылға қарсы тұруға дайын емес. Сол себепті балаларға арналған хабарлар мағынасыз

болмауы тиіс. Балалар мен жасөспірімдерге арналған бағдарламалар тәрбие-таным мол, білімділік пен біліктілікке жетелейтін, сонымен қатар қызық әрі тартымды болуы керек. Бұқаралық ақпарат құралдары елдің болашағы үшін жұмыс жасап, қоғамның ертеңіне кепіл болатын жас азаматтарды тәрбиелеудегі жауапкершілігі зор екенін ұмытпауы тиіс.

Талқылау

Балалар мен жасөспірімдерге арналған телехабарлардың проблемалар мен даму перспективалары.

Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі міндеті – қоғамдық пікір қалыптастыру болса, бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің тұлға болып қалыптасуы және жалпы көзқарастарының қалыптасуында да журналистиканың атқаратын ықпалы үлкен. Себебі журналист қоғамға қызмет етуші тұлға. Ал сол қоғам бүлдіршіндерден бастау алады. Бүгінгі бала, ертеңгі қоғам, біздің болашақ. Сондықтан балаларға арналған еңбек олардың бойына адамгершілік, имандылық, ізгілік, еңбекқорлық және тағы да басқа ізгі қасиеттерді сіңіре отырып, ой-өрісін кеңейтіп, эстетикалық танымын дамытуға қызмет етуі керек. Балаларға арналған журналистика, бұқаралық ақпарат құралдары жастардың үлкен өмірге жолдама алуына көмектесуі тиіс. Осыған қарап, бұқаралық ақпарат құралдарына – газет, журнал, телевидениеге қоғамның болашағына кепіл болатын жас ұрпақты тәрбиелеуде жүктер жауапкершілік мол екенін байқаймыз.

Қазіргі заманда адам ерте жастан бастап үлкен ақпарат ағынына ұшырайды. Ақпаратты сүзгіден өткізе алмай, фактілерді пікірлерден, ал ақпараттық материалдарды үгіт-насихаттан бөліп ажырата алмай қалады. Әсіресе саналары қатайып үлгермеген балалар мен жасөспірімдер бұқаралық ақпарат құралдарының әсеріне ұшырайды. Осыдан балалар аудиториясына арналған мамандандырылған бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам үшін айрықша маңызы туындайтынын, олар-

дың бірінші кезектегі міндеті – жеке тұлғаны бастапқы әлеуметтендіруді жүзеге асыра отырып, әлеуметтік жауапты болуында.

Нәтижелер

Балалар журналистикасы – бұқаралық ақпарат құралдарының жалпы жүйесінің дербес буыны. Ол өскелең ұрпақты қоғамның интеллектуалды және рухани әлеуетімен таныстырады, аға буынның өзінен кейінгі ұрпаққа ақпарат берудің маңызды арнасы және сонымен бірге балалардың бір-бірімен байланысуына мүмкіндік беретін байланыс құралы болып табылады. Бұқараралық ақпарат құралдарының көмегімен жас аудитория әлемді таниды десек те болады.

Балалар журналистикасының ерекшелігі аудиторияға нақты жас ерекшелігімен анықталады. Осыған байланысты ол нақты экспрессивті құралдарды, формаларды, аудиториямен байланыс тәсілдерін көрсетудің арнайы, нақты әдістерін қолданады.

Барлық балалар басылымдары мен телешоуларының негізгі типтік белгісі – есептелген аудиторияның сипаты. Психологтар бұл аудиторияны мынандай топтарға бөледі: мектеп жасына дейінгі балалар (3-6 жас), бастауыш сынып оқушылары (7-10 жас), жасөспірімдер (11-15 жас). Бұл топтар арасындағы қашықтық айтарлықтай: олар биологиялық, психологиялық және әлеуметтік дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі адамдар.

Көрермендері мен оқырмандарының жас ерекшеліктерін білу редакцияға жас аудиторияның мүдделерін ескеруге және қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі. Басылым немесе телебағдарлама қандай жасқа есептелгеніне байланысты редакция оның мазмұнын, құрылымын, формасын, көлемін анықтайды. Аудиторияның әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары да осыған байланысты ескеріледі.

Ал енді қазіргі кездегі балаларға арналған мультфильмдерге тоқталатын болсақ:

1. Көгілдір экрандағы агрессия мен зорлық-зомбылықтың көптігі. Шетелдік өндірістің заманауи анимациялық фильмдері,

сондай-ақ олардың үлгісі бойынша жасалған отандық аналогтар зорлық-зомбылыққа толы: қанмен төбелес, қуғын-сүргін, қарсыластарды физикалық күш қолданып, қырып-жою, кісі өлтіру көріністерінің тым егжей-тегжейлі көріністерін көрсету, өлім атрибуттарына баса назар аудару олардың мазмұнының айтарлықтай үлесін құрайды. Мультфильм кейіпкерлері жақсы мақсаттарға жету үшін зорлық-зомбылыққа жүгінсе де (немесе қатаймаған сана солай қыбылдауы мүмкін), көбінесе мұндай фильмдер балалар аудиториясына қатыгездік пен агрессивтіліктің негізсіз жоғары дозасын әкеледі [2,163]. Басты кейіпкер, әдетте, ең агрессивті, басқаларға зиян тигізуі мүмкін. Содан кейін осындай мультфильм көріп алған бала өз өмірінде сол қатыгездікке еліктейді. Мұндай мультфильмдер кішкентай көрерменнің психологиясына арналмағаны анық, дегенмен, кез-келген анимациялық фильмдер кішкентай балалардың назарын бірден аударатыны белгілі [3,113].

2. Жазадан оңай құтылу немесе жазаның мүлде болмауы. Кейіпкер теріс әрекеті үшін жазаланбайды, кейде тіпті оның бұндай әрекеті құпталады [10, 56.]. Балада жаман әрекет жасауға рұқсат стереотипі пайда болуы мүмкін, бұл болашақта жағымсыз салдарға әкеліп соғады.

3. Жақсылық пен жамандықтың арасында нақты шекара жоқ.

Тіпті позитивті кейіпкер де «игі» мақсаттар үшін жаман істер жасай алады. Сонымен қатар, өмірлік тәжірибесі жоқ және экранда көргендерін сүзгіден өткізу қабілеті жоқ балалар теріс сүйкімділіктің және кейіннен сүттен ақ, судан таза болып шығатын экрандағы зұлымдардың мысалының зиянды әсеріне ұшырауы мүмкін [4].

4. Әйелді еркек сияқты көрсету және керісінше.

Бұл мінез-құлықта, киімде, кейіпкердің ролінде байқалады. Көбінесе мультфильмдердегі әйелдер ер адамдарға біржақты қызығушылық танытады, бұл экранда барлық жағынан көрсетіледі. Сонымен қатар мультфильмдер балалардағы ана бейнесінің дұрыс қалыптаспауына ықпал етеді.

5. Әйелді, ананы, үлкен кісілерді, жануарлар мен өсімдіктерді құрметтемеу проблема емес, норма болып көрсетіледі.

6. Өзін-өзі сақтау инстинктінің дұрыс қалыптаспауы, баланы өз-өзіне қол жұмсауға бейсаналық түрде итермелеу.

Кейіпкерлер экранда бірнеше рет өліп, қайта тірілуі мүмкін. Баланың шынайы өмірде сүйікті кейіпкерінің ісін қайталауға тырысқысы келмейтініне кім кепіл?

7. Тағы бір менің ойымша ең өзекті мәселе - жаңа сөйлей бастаған баланың тілі шүлдірлеп, өзге тілде шығуында.

Қазіргі таңда мемлекеттік мінбелерде қазақ тілінің мәселесі жиі көтеріледі. Алайда тілді өлтірмеудің жалғыз ғана жолы бар. Ол – жас ұрпаққа ана тілін сіңіру [5,148]. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда заманауи дүниелерге сусаған өскелең ұрпақтың шетелдік медиа-өнімдерге қызығушылығы жоғары екені жасырын емес. Сондықтан, отандық балалар басылымдарының, ағарту бағдарламаларының сапасын көтеру, шетелдік медиа-өнімді қазақшаға аудару – көкейкесті мәселе. Кинематография туралы заңның 9-бабында: «...фильмдерге қазақ тілінде дубляж не субтитр жасалып, не кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз етілуі тиіс» [6] делінген екен. Енді осы әлемнің үздік фильмдері мен мультфильмдерін өз ана тілімізде көрсек нұр үстіне нұр болар еді.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтенудің басқа институттары жас ұрпаққа оның санасын, құндылық бағдарын өзгерту арқылы әсер етеді, қажеттіліктер мен қызығушылықтарын, белгілі бір моральдарды қалыптастырады [7,56 б.].

Теледидар мысалында біз еліміздегі балалар журналистикасының ең өткір мәселелерінің кешенін атап өтеміз: жеке тұлғаны тәрбиелеудегі жарнама әсері; балалар субмәдениетінің «ересектер» субмәдениетінен айырмасының жоқтығы, балалар мен жасөспірімдерге арналған бағдарламалардың саны мен сапасының төмендеуі; балалар мен жасөспірімдер үшін құрылған қазақи мәдениеттің (айдентиканың) болмауы, батыстық бұқаралық мәдениеттің ең жақсы үлгілерінен

алыс үстемдік; балаларға арналған бірқатар бағдарламалардың көркемдік және интеллектуалды деңгейінің төмендеуі [8,5].

Қоғам өмірінің айнасы іспетті ұлттық журналистиканың, оның ішінде еліміздің болашағы – балалар мен жасөспірімдердің тәлім-тәрбиесімен тікелей айналысатын балалар журналистикасының алдында да үлкен міндеттер тұр [9,64]. Соңғы жылдарғы балалар баспасөзінде ұшқырлық, жаңалыққа ұмтылу бар екендігін де жоққа шығаруға болмайды. Анықталған мәселелерді, келеңсіздіктерді жою тезірек қолға алынса екен.

Қорытынды

Қазіргі таңда балалардан кімге ұқсағың келеді деп сұрасаң, олар шетел мультфильмдерінің кейіпкерлерін атайтынын көптеп байқаймыз. Біздің ойымызша балаларға үлгі болар образдар қазақ ертегілерінде, қазақ фольклорында да жетіп артылады. Мәселен ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін батыр қыздар образы. Қиындыққа қың етпей, ақыл мен күшті қатар қолдана алатын қаһарман қыздар қазақ жыр-дастарында, ертегілерінің беттерінде ғана қалып барады. Құртқа мен Назым образдары бүгінгі ұрпаққа үлгі, өнеге ретінде насихаттауға әбден лайықты тұлғалар емес пе?! Неге сол образдарды көгілдір экрандарға мультфильм қылдырып шығармасқа деген қиял да туындайтын. Шетелдік мультфильмдердегі супермен, өрмекші адам сынды ойдан шығарылған кейіпкерлерді көрген сайын, біздікі қиял емес, шындық қой. Дәл қазір заманауи медиа мүмкіндіктері барынша кемелденген уақытта Қобыланды, Алпамыс жырларын, Ер Төстік, Аяз би ертегілерін, Қорғалжындағы Қанікей қыздың, Машаттағы қырық қыздың ерліктерін өскелең ұрпақ санасына сіңірудің реті келіп тұрған жоқ па?! Қазіргі таңда елімізде дарынды суретшілер де, сөз шеберлері де көп. Кәсіби мамандар мен аудармашылар да жоқ емес, бар. Тек қолдау қажет. Тәуелсіз, Жаңа Қазақстанның балалары өз ана тіліндегі ақпаратты тұтынуы тиіс деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Никитина О. Н., Лыкова С. Н., Таскина Е. А., Ночевная Ю. С. Молодое поколение и телевидение (Результаты из исследования в Краснодарском крае, 2003 г.). - М.: Наука, 2017.
2. Фомиченко А. С. Причины детской агрессии // Культурно-историческая психология. - 2010. - № 2.
3. Тарасов К. А. От насилия в кино до насилия «как в кино» // Социологическое исследование. - 1996. - № 2.
4. Әлеуметтік медиа және ақпараттық сауаттылық мәселелері. – URL: <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/42572/> (қаралған күні: 20.06.22).
5. Хамзин К. Ұлттық журналистика мектебі: кешегісі, бүгінгісі, келешегі. // «Абай-ақпарат». 11.04.2018.
6. Кинематография туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 3 қаңтардағы № 212-VI ҚРЗ. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000212> (қаралған күні: 20.06.22).
7. Малышев Е. Что считать Интернет-СМИ // Медиа-альманах. - 2003. –№ 3.
8. Саматқызы С. БАҚ дегеніміз – мемлекеттік идеология құралы. – URL: <http://kazgazeta.kz/?p=4978> (қаралған күні: 25.06.22).
9. Қазақ журналистикасы. Энциклопедия. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. I т. – 640 б.
10. Щекотихина И.В. О влиянии телевидения на детей младшего школьного возраста // Герценовские чтения. Начальное образование. - 2011. - № 1.- Т. 2.

References

1. Nikitina O. N., Lykova S. N., Taskina E. A., Nochevnaya Yu. S. Molodoe pokolenie i televidenie (Rezultaty iz issledovaniya v Krasnodarskom krae, 2003 g.). [Youth and television (results and results of research in Krasnodar Territory, 2003) (Nauka, Moscow, 2017).
2. Fomichenko A. S. Prichiny detskoj agressii [Causes of aggression in childhood], Kul'turno-istoricheskaja psihologija [Cultural and historical psychology], 2 (2010).
3. Tarasov K.A. Ot nasilija v kino do nasilija «kak v kino» [From nasilia to cinema «as in cinema», Sociologicheskoe issledovanie [Sociological Research], 2 (1996).
4. Aleumettik media zhane akparattyk sauattylyk maseleleri [Social media and information literacy issues]. Available at: <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/42572/> (Accessed: 20.06.22).
5. Khamzin K. Ultytk zhurnalistika mektebi: keshegisi, bygingisi, keleshegi [National School of journalism: yesterday, today, prospects], «Abaj-aqparat» [Abay-information]. 11.04.2018.
6. Kinematografija turaly. Kazakstan Respublikasynyn Zany 2019 zhylygy 3 qantardagy № 212-VI KRZ [About cinematography. Law of the Republic of Kazakhstan dated January 3, 2019 No. 212- KRZ – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000212> (Accessed: 20.06.22).
7. Malyshev E. Chto schitat' Internet-SMI [What to see in the internet SMI], Media-al'manah [Media Almanac], 3 (2003).
8. Samatkyzy S. BAK degenimiz – memlekettik ideologija kuraly [The media is an instrument of state ideology].– URL: <http://kazgazeta.kz/?p=4978> (Accessed: 25.06.22).
9. Қазақ zhurnalistikasy. Jenciklopedija [Kazakh journalism. Encyclopedia]. Vol.1. («Kazinform», Almaty, 2009, 640 p.).
10. Shchekotikhina I.V. O vlijanii televideniya na detej mladshego shkol'nogo vozrasta [On the influence of television on children of primary school age, Gercenovskie chteniya. Nachal'noe obrazovanie [Herzen readings. Primary education], 1 (2) (2011).

Қ.Д. Асанов, Д.Ж. Қайруллова

Қарағандинский университет им. Е.А. Букетова, Қарағанды, Қазақстан

Влияние СМИ на формирование сознания детей

Аннотация. В статье дается определение детской журналистики, рассматриваются ее типичные черты, а также ее роль в обществе. На примере продукции для детей и подростков проводится анализ

проблем и перспектив дальнейшего развития современной детской журналистики как фактора формирования индивидуального и группового сознания детей. Для воспитания у детей патриотизма и патриотизма на конкретных примерах были сделаны научные выводы, показывающие, что в первую очередь на них должны обращать внимание родители, школа, в этом направлении также играет особую роль средства массовой информации.

Ключевые слова: детская журналистика, СМИ, детское телевидение, информация, информационное общество, медиализированное пространство, десоциализация, духовные ценности, гуманистическая модель ТВ.

K.D. Assanov, D. Kairullova

Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan

The influence of the media on the shaping of children's minds

Abstract. The article provides a definition of children's journalism, considers its typical features, as well as its role in society. On the example of products for children and adolescents, an analysis of the problems and prospects of the further development of modern children's media as a factor in the formation of individual (personality) and group consciousness of children is carried out. Scientific conclusions were made on it, showing with concrete examples that in order to educate children in patriotism and patriotism, it is necessary to pay attention first of all to their parents, the school, and the media also play a special role in this direction.

Keywords: children's journalism, mass media, children's television, information, information society, mediatized space, desocialization, spiritual values, humanistic model of TV.

Авторлар туралы мәлімет:

Асанов Қ.Д. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан.

Кайруллова Д.Ж. – магистрант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан.

Assanov K.D. – Doctor of Philology, Professor Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan.